

"Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 13 шілдеде № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23539 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7876 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік жасайтын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*м.а Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

K. Ергалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

2021 жылғы "_____"

м.а Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлінің
2021 жылғы 13 шілдедегі
№ 338 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлінің
2012 жылғы 24 шілдедегі
№ 344 бұйрығымен бекітілді

Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидалар

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 27) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызыметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтар мен орта білім беру үйымдарына және мектепке дейінгі үйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұйымдар:

- 1) автор – шығармашылық еңбегімен оқулық, оқу-әдістемелік кешен, оқу-әдістемелік құрал жасаған жеке тұлға;
- 2) әзірлеуші – оқулық, оқу-әдістемелік кешен және оқу-әдістемелік құралдарды жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;
- 3) базалық оқулық - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда пайдалану үшін міндетті, нақты пән саласына арналған бірынғай тұжырымдамасы бар оқу кітабы;
- 4) баспа – оқулық, оқу-әдістемелік кешен және оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуді және басып шығаруды жүзеге асыратын занды тұлға;
- 5) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) – әдістемелік нұсқаулық, жұмыс дәптері, хрестоматия, диктанттар жинағы, тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, картографиялық атлас нысанында оқулықты сүйемелдейтін және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, үлгілік оқу бағдарламалары мен "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 19-4) тармақшасына сәйкес әзірленген орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес оқу және әдістемелік басылымдар;
- 6) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және занды тұлғалар;
- 7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейіне арналған оқу-әдістемелік кешен – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және Талаптарға сәйкес келетін жұмыс дәптері, демонстрациялық материалдар мен альбомдар нысанындағы оқу және әдістемелік басылымдар;
- 8) оқулық – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, үлгілік оқу жоспарына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу пәні бойынша білім мазмұнын ашатын оқу кітабы;
- 9) оқу құралы - мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен білім беру деңгейлерінің оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес келетін оқулықты толықтыратын немесе ішінара (толық) алмастыратын оқу басылымы.
- 10) Оқулықтар мен ОӘК сараптау мен сынақтан өткізудің тақырыптық жоспары – республикалық бюджет қаражаты есебінен сараптама жүргізуге және сынақтан өткізуге жататын орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар және мектепке дейінгі

ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электронды форматтағы ОӘК тізбесі (бұдан әрі – Тақырыптық жоспар);

11) оқулықтар сапасына мониторинг жүргізу – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендер, оның ішінде электрондық нысандағы білім беру ұйымдарында пайдаланылатын оқулықтар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген оқулықтар құрылымының, мазмұнының сапасын қадағалау, талдау, бағалау, оның нәтижелері бойынша өндөу, қайта басып шығару немесе Тізбеден алып тастау жөнінде шешім қабылданады;

12) оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу – оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді аprobациялау - әзірленген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнына енгізілген жаңалықтарды пайдалану практикасын кешенді зерделеу;

13) оқулықтың түпнұсқа-макеті – сыртқы полиграфиялық элементтері мен құрылымы бойынша аяқталған, әрбір беті болашақ басылымның тиісті беттерімен толық сәйкес келетін оқулықтың иесіздендірілген түпнұсқасы;

14) оқулықтың электронды нұсқасы – құрылымы, мазмұны және көркем безендірілуі қағаз түпнұсқамен бірдей оқулықтың цифрлық көшірмесі;

15) пән бойынша жауапты сарапшы – тиісті біліктілігі бар, оқыту курсары мен сертификаттаудан өткен, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға ғылыми-педагогикалық сараптаманы ұйымдастыруға, өткізуге және сапасына жауапты көрсетілетін қызметті беруші қызметкері;

16) сарапшылар базасы – қорытынды бағалау нәтижелері бойынша оқыту курсарынан өткен ғалымдар мен педагогтердің деректер базасы;

17) сараптамалық топ – көрсетілетін қызметті берушінің сарапшылар базасына енгізілген, ғылыми-педагогикалық сараптамаға ғалымдар мен педагогтер қатарынан тартылатын сарапшылар тобы;

18) цифрлық құжаттар сервисі – операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындастын мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ, электронды нысанда қызметтерді алу және көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалармен іс-қимыл жасауда электронды құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының нысаны;

19) электронды оқулық – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, білім берудің белгілі бір деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасына және осы Талаптарға

сәйкес әзірленген қағаз оқулықты алмастыратын және мультимедиалық, интерактивті контент пен функциялары бар сыртқы ақпарат жеткізгіштегі және онлайн-платформадағы бағдарламалық өнім;

20) электронды оқу-әдістемелік кешен - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, белгілі бір білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасына және интерактивті мультимедиялық оқыту бағдарламалары, бейнефильмдер, тренажерлер, виртуалды зертханалық жұмыстар, бақылау және бағалау материалдары нысанындағы Талаптарға сәйкес әзірленген оқу жылының кемінде төрттен екі тақырыбын қамтитын ақпаратты сыртқы жеткізгіштегі және онлайн-платформадағы цифрлық білім беру ресурстарының бір түрі.

2-тaraу. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу тәртібі

3. Оқулықтар мен ОӘК, оның ішінде электрондық оқулықтар дайындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша "Оқулық "Республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық қесіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) қалыптастырытын тақырыптық жоспар негіз болады.

4. Оқулықтарды, ОӘК және құралдарды дайындауды әзірлеуші немесе баспа авторлық ұжым қалыптастыру жолымен ұйымдастырады, оған орта білім беру ұйымдарының пән (мамандық) бойынша кәсіптік білімі, оқулықтар мен ОӘК әзірлеу мәселелері бойынша оқыту курсарынан өткен, құрамында үш адамнан кем емес, ғалымдар мен білім беру ұйымдарында біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар педагогтер қатарынан енгізіледі.

5. Баспа және (немесе) әзірлеуші "Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанды № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖБС), үлгілік оқу бағдарламаларына, Талаптарға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпанды №71 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі – оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтер) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасымен бекітілетін оқу басылымдарының гигиеналық нормативтеріне сәйкес оқулықтар мен ОӘК мазмұны мен ресімделуінің сапасын қамтамасыз етеді.

6. Баспа пәндерді оқыту бағыттары бойынша (қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық және мәдениеттану) баспаішілік сараптаманың сарапшылар лауазымының штаттық кестесіне енгізу және кемінде екі сыртқы сарапшыны (тиісті саладағы ғалым және "зерттеуші педагогтен" немесе бірінші

санаттан төмен емес біліктілік санаты бар педагог) тарта отырып, иесіздендірілген рецензиялау жолымен оқулықтар мен ОӘК-ке баспаішлік сараптаманы жүргізеді.

Баспа осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқулықтар мен ОӘК-нің баспаішлік сараптамасының қорытындысын дайындайды.

7. Әзірлеуші кемінде жоғары оқу орындарының бейінді кафедраларына ғылыми мазмұны мен әдістемелік құрамдас бөлігіне ұжымдық рецензиялау жолымен оқулықтар мен ОӘК-ге тәуелсіз бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Әзірлеуші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқулықтар мен ОӘК-ті тәуелсіз бағалау қорытындысын дайындайды.

8. Оқулықтар мен ОӘК фактологиялық, статистикалық, ақпараттық деректер мен әдістемелік тәсілдерді мерзімді жаңарту қажеттілігіне байланысты өндөледі (қайта басып шығару).

3-тарау. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарға және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жүргізу тәртібі

9. Орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендерді сараптау мыналарды қамтиды:

1) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жасауды жоспарлау;

2) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған оқу басылымдарына авторлар мен авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі;

3) пәндік сараптамалық комиссия жұмысының тәртібі мен шарттары.

Көрсетілген қызмет түрлерін іске асыруды білім беру саласындағы уәкілетті орган көрсетілетін қызметті берушіге оның құзыреті шегінде және осы тараудың шарттарында жүктейді. Оқу басылымдарын сараптау төрт кезеңнен (сынақтан өткізу алдындағы және одан кейінгі сараптама, сынақтан өткізу, пәндік сараптамалық комиссияда қараптама) өтеді.

1-параграф. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарға және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жасауды жоспарлау

10. Баспа, әзірлеуші жыл сайын 5 қантардан 15 наурызға дейін көрсетілетін қызметті берушіге оқулықтар мен ОӘК-ті оқу процесіне енгізгенге дейін бір жыл

бұрын Тақырыптық жоспарға енгізуге болжамды өтінімді ұсынады. Болжамды өтінімге окулықтар мен ОӘК қосу қажет болған жағдайда Тақырыптық жоспарға өзгерістер енгізіледі.

11. Тақырыптық жоспар білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім көрсетілетін қызметті берушімен бекітілген окулықтар мен ОӘК-ге сараптама жүргізу кестесіне сәйкес құрылады.

Сараптама жүргізу кестесі орта білім беру ұйымдары үшін әрбір 5 (бес) жыл, арнайы білім беру ұйымдары үшін 6 (алты) жыл сайын Тізбенің жаңартылуын қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті орган окулықтар мен ОӘК әзірлеу және қайта басып шығару мерзімдерін өзгертеді.

12. Келесі қаржы жылына арналған тақырыптық жоспарды көрсетілетін қызметті беруші білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ағымдағы жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде бекітеді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші бекітілген тақырыптық жоспардан үзінді көшірмені оны бекіткен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде баспаға немесе әзірлеушіге жібереді.

14. Тақырыптық жоспарға республикалық бюджеттен көзделген қаражат шенберінде толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

2-параграф. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған оқу басылымдарына авторлар мен авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

15. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға З-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ "Мектепке дейінгі, орта білім беру, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге арналған оқу басылымдарының авторларына/авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 4-қосымшасының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды:

1) мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге

де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген;

2) баспа басшысы немесе әзірлеуші басшысы растаған сараптамаға жіберілетін оқулық, ОӘК пен құралдардың көлемі (баспа парактарымен және минуттарымен);

3) құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

17. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсете мерзіміне кірмейді.

18. Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттар топтамасымен бірге қалыптастырылған өтінішті, оның ішінде оқулықтардың, ОӘК-тің және оқу құралдарының түпнұсқа-макеттерін көрсетілетін қызметті берушіге курьер немесе пошта байланысы арқылы жібереді және жеткізеді.

19. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді келіп түскен күні жүзеге асырады.

20. Тақырыптық жоспарға енгізілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған оқулықтарға және мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына арналған ОӘК-ге сараптама республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Электрондық оқулық басылымдары үшін электрондық функциялар мен функционалдық-техникалық сипаттамалардың педагогикалық қолданылуын тексеру бойынша қосымша функционалдық-технологиялық сараптама жүргізіледі.

21. Тақырыптық жоспарға енгізілмеген оқулықтарға, ОӘК және құралдарға, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарына сараптама екіжақты шарт негізінде баспаның немесе әзірлеушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

22. Тақырыптық жоспарға енгізілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беруге арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі және орта білім беруге арналған ОӘК-ні сараптамаға қабылдау ағымдағы жылғы 31 мамырға дейін жүзеге асырылады.

Қорытынды сараптамаға оқулықтар мен ОӘК ағымдағы жылғы 5-10 қаңтар аралығында көрсетілетін қызметті берушінің бекітілген кестесі бойынша қабылданады.

23. Тақырыптық жоспарға енгізілмеген оқулықтарды, ОӘК пен құралдарды сараптамаға қабылдау ағымдағы жылғы 5 қаңтар мен 31 қазан аралығында жүзеге асырылады;

24. Оқулықтар мен ОӘК-ні сараптамаға қабылдау мерзімдері, сараптама мен сынақтан өткізу тәртібі мен мерзімдері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда өзгереді.

25. Көрсетілетін қызметті беруші ғылыми кеңестің шешімімен ғылыми және педагогикалық сараптаманың критерийлерін әзірлейді және бекітеді, олар көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

26. Көрсетілетін қызметті беруші ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізу үшін оқулықтарға, ОӘК пен құралдарға сәйкестендіру кодын береді және оны баспа мен авторлық ұжымды көрсетпей сарапшыларға жібереді.

27. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне, оның ішінде оқулықтардың, ОӘК-тің және құралдардың түпнұсқа-макеттері, құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 50 (елу) күн.

28. Қызмет беруші Сарапшылар базасын бекітеді және қажет болған жағдайда жаңартады.

29. Сараптама азаматтық заңнамаға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мен сарапшы арасында жасалған шарт негізінде құпиялыштық режимінің сақталуы үшін жауапкершілікті қамтитын шарт негізінде жүзеге асырылады.

30. Оқулықтарға, ОӘК пен құралдарға және электронды оқулық басылымдарына ғылыми-педагогикалық сараптаманы көрсетілетін қызметті беруші қалыптастыратын сараптамалық топ жүргізеді.

31. Электронды оқу басылымдарына функционалдық-технологиялық сараптаманы көрсетілетін қызметті беруші қалыптастырған сарапшылар тобы жүргізеді.

32. Сараптамалық топтың құрамына мыналар кіреді:

1) орта білім деңгейі бойынша – ғалым және әрбір пән бойынша орта білім беру үйимдарының кемінде екі педагогы;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейі бойынша – ғалым және педагог;

3) электрондық оқу басылымдарына функционалдық-технологиялық сараптама жасау үшін – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы кемінде екі маман;

4) аударма оқу әдебиеттерін сараптау үшін сараптаманың пәні болып табылатын оқулық басылымдарының авторларын; оқу басылымының авторларымен бір үйимда жұмыс істейтін; оқу басылымы авторларының ғылыми жетекшілері, оқу басылымының авторларымен бір ғылыми жобаның басшылары немесе бірлесіп орындаушылары болып табылатын адамдарды қоспағанда, лингвист (аудармашы) қосымша тартылады.

Сараптамалық топты тиісті білім саласында мамандандырылған ғалым басқарады.

33. Ғылыми-педагогикалық сараптама келесі кезеңдерді қамтиды:

1) орта білім беруге арналған алғаш әзірленген оқулықтар мен ОӘК:

сынаққа дейінгі ғылыми-педагогикалық сараптама;

орта білім беру үйимдарында сынақ өткізу;

сынақтан кейінгі ғылыми-педагогикалық сараптама;

пәндік сарапталық комиссияда қарau;

2) орта білім беруге арналған қайта басып шығарылатын оқулықтар:

ғылыми-педагогикалық сараптама;
пәндік сарапталық комиссияда қарау.

34. Сараптамалық топтың сараптамалық шешімінің формасы көрсетілетін қызметті берушінің ғылыми кеңесінде бекітіледі.

35. Пән бойынша жауапты сарапшы сараптамаға келіп түскен оқулықтардың, ОЭК пен құралдардың мазмұнына талдау жүргізеді, сараптамалардан кейінгі сараптамалық шешімдерді қарайды, сарапшылардың ескертулері бойынша авторлардың негіздемесімен жауаптарды қарайды, оқулықтардың сапасы бойынша сараптаманың объективтілігін бағалайды және талдамалық материал дайындауды.

36. Баспалардың немесе оқу басылымын әзірлеушілердің сараптама процесіне араласуы жағдайында көрсетілетін қызметті беруші оны сараптама процесінен алып тастау туралы шешім қабылдайды.

37. Көрсетілетін қызметті беруші орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарға және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған ОЭК-ге берілген ғылыми-педагогикалық сараптама қорытындылары бойынша сараптамалық шешімдердің негізінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу басылымдарына мынадай сараптамалық қорытындылардың бірін шығарады:

1) сынақтан өткізу алдындағы ғылыми-педагогикалық сараптаманың (жанадан әзірленген оқулықтар үшін) қорытындылары бойынша мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі шығарылады (беріледі):

"Сынаққа жіберіледі";
"Сынаққа жіберілмейді";
"Сынаққа дейін өндеуді талап етеді";

2) "Сынаққа дейін өндеуді талап етеді" деген сараптамалық қорытынды алған оқу басылымдарына өндеуден кейінгі сараптама қорытындылары бойынша мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі шығарылады (беріледі):

"Сынаққа жіберіледі";
"Сынаққа жіберілмейді";

3) ғылыми-педагогикалық сараптаманың қорытындылары бойынша (қайта басып шығарылатын оқулықтар үшін) мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі шығарылады (беріледі):

"Пәндік сараптамалық комиссияның қарауына ұсынылады",
"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды",
"Өндеуді талап етеді";

4) "өндеуді талап етеді" сараптамалық қорытындысын алған оқу басылымдарына өндеуден кейінгі сараптама қорытындылары бойынша мынадай сараптамалық қорытындылардың бірі шығарылады (беріледі):

"Пәндік сараптамалық комиссияның қарауына ұсынылады";

"Білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды".

38. Көрсетілетін қызметті беруші Стандарттың 9-тармағында көзделген негіздер бойынша бас тарту себептерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

39. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсете нәтижелерін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді мемлекеттік қызмет көрсете мерзімінде аяқталуына дейін кемінде бір тәуліктен кешіктірмей жүзеге асырады.

40. Көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электронды құжатты көрсеткен кезде (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

41. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсете мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсете сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

42. Көрсетілетін қызметті алушының өтінішінің болмауына байланысты мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай мерзім ішінде Мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы берілген мерзім өткеннен кейін талап етілмеген құжат ретінде көрсетілетін қызметті берушіге қайтарылады.

43. Сараптама қорытындысын алған әзірлеуші және (немесе) баспа "Өндеуді қажет етеді" деген сараптама қорытындысын алған оқулықтарды, ОӘК пен құраладарды алған күннен бастап оларды күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде өндейді және қорытынды сараптама үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

44. Сараптамалық топтың сараптамалық шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Сараптамалық топ басшысының дауысы шешуші болып табылады.

45. Қайта өндеуге жіберілген оқу басылымдарына сараптама ағымдағы жылы бір рет және кейінгі екі жыл ішінде үш реттен асырмай, одан әрі сараптама жүргізуден бас тарту шартымен жүргізіледі. Сараптама баспаның немесе әзірлеушінің есебінен жүргізіледі.

46. Сараптамаға ұсынылған оқулықтың, ОӘК және құралдардың түпнұсқа-макеті әзірлеушіге және (немесе) баспаға қайтарылмайды.

3-параграф. Пәндік сараптамалық комиссия жұмысының тәртібі мен шарттары

47. Тізбеке енгізілетін оқулықтар пен ОӘК тізімін қалыптастыру үшін көрсетілетін қызметті беруші пәндер және оқыту тілдері бойынша пәндік сараптамалық комиссия қурады және бекітеді.

48. Пәндік сараптамалық комиссияның құрамы сарапшылар базасына кірген, оқыту курсарынан өткен ғалымдар мен педагогтерден қалыптастырылады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейіне арналған ОӘК сараптамасы үшін ғалымдар, әдіскерлер және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жоғары санатты тәрбиешілері;

2) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтар мен ОӘК сараптамасы үшін бейіні бойынша ғалымдар, орта білім беру ұйымдарының жоғары біліктілік санаты, "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты бар орта білім беру педагогтері, "Ұздік оқытушы" және "Ұздік педагог" респубикалық конкурстарының жеңімпаздары, "Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының иегерлері кіреді.

49. Пәндік сараптамалық комиссияның құрамына іріктеу құпиялышы қ режимін сақтай отырып жүзеге асырылады.

50. Пәндік сараптамалық комиссия мүшелерінің жұмысы қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен көрсетілетін қызметті беруші мен пәндік сараптамалық комиссия мүшесі арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

51. Пәндік сараптамалық комиссияның мүшелеріне электрондық оқу басылымдары, сондай-ақ оқулықтар мен ОӘК әзірлеушінің, баспаның аты және авторы көрсетілмей беріледі.

52. Пәндік сараптамалық комиссияның отырыстарын өткізу мерзімдері мен тәртібі білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып, көрсетілетін қызметті беруші айқындайды. Егер отырыска пәндік сараптамалық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, ол занды болып табылады.

53. Пәндік сараптамалық комиссия:

1) сараптама және сынақ нәтижелері бойынша қорытындыларды зерделейді, талдайды;

2) оң сараптамалық қорытынды алған оқулықтар мен ОӘК сапасын талдайды;

3) оқулықтар мен ОӘК, базалық оқулықтарды іріктеуді жүзеге асырады;

4) оқулықтар мен ОӘК-ні, оның ішінде электрондық оқулықтарды Тізбеке енгізу туралы мынадай хаттамалық шешімдердің бірін шығарады:

"Тізбеке енгізіледі";

"Тізбеке енгізілмейді";

"Тізбеке базалық оқулық ретінде енгізіледі";

5) оқулықтар мен ОӘК-ні жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және енгізеді.

54. Пәндік сараптамалық комиссияның шешімі әрбір оқулық пен ОӘК бойынша жеке қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

55. Тізбеке енгізу үшін бірыңғай базалық оқулықтар және негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің бір оқу пәні бойынша бестен аспайтын балама оқулықтар мен ОӘК ұсынылады.

56. Көрсетілетін қызметті беруші пәндік сараптамалық комиссия қалыптастырыған оку әдебиетінің тізімін Тізбеке енгізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның қарауына енгізеді.

57. Пәндік сараптамалық комиссияның шешімі нақты болып табылады және қайта қаралмайды.

4- тарау. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды сынақтан өткізу тәртібі

58. Оқулықтар мен ОӘК-ні сынақтан өткізу білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша көрсетілетін қызметті беруші айқындастырып тәртіппен білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

59. Сынақтан өткізуді ұйымдастыру үшін баспа және (немесе) әзірлеуші өз қаражаты есебінен көрсетілетін қызметті берушіге әзірлеушіні, баспаны және авторларды көрсетпей оқулықтар мен ОӘК-нің қажетті санын ұсынады.

60. Сынақ өткізумен бір мезгілде қоғамдық және ғылыми-педагогикалық қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында оқулықтардың иесіздендірілген түпнұсқа-макеттеріне қоғамдық талқылау жүргізіледі.

61. Баспалардың немесе оку басылымын әзірлеушілердің сынақ процесіне араласуы жағдайында көрсетілетін қызметті беруші оны сынақ және сараптама процесінен шығару туралы шешім қабылдайды.

62. Көрсетілетін қызметті берушінің Ғылыми кеңесі оқулықтар мен ОӘК-ні сынақтан өткізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді.

63. Апробация штаттық және қашықтық форматтарда жүзеге асырылады.

64. Оқулықтар мен ОӘК сынақтан өткізетін орта білім беру ұйымдары эксперименттік алаңдарға теңестіріледі. Білім басқармасы және осы орта білім беру ұйымдарының басшылығы сынақты жүргізуі педагогтердің қызметіне көмектеседі және оларды эксперименттік жұмыстың қатысушылары ретінде ынталандыру жөнінде шаралар қабылдайды.

65. Орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен ОӘК-ні сынақтан өткізу республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

66. Оқулықтар мен ОӘК-ге сынақ жүргізген орта білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі отырыстарында қаралған педагог-апробаторлардың ескертулері мен ұсыныстары кейіннен талдау үшін көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылады.

5- тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

67. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде көрсетілетін қызметті берушінің басшысының не оны алмастыруши тұлғаның атына беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды қабылдаушы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), берілген шағымға жауап алу орны мен мерзімі көрсетіле отырып, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні қойылады) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz. интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация филиалының, бөлімінің басшысына жолданады.

Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымның қабылдануын растау оның тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні қойылады) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта бойынша жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

68. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

6-тарау. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарға және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге мониторинг жүргізу тәртібі

69. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбеке енгізілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беруге арналған оқулықтар мен ОӘК-ні бағалау мақсатында олардың сапасына мониторинг (бұдан әрі - мониторинг) жүргізеді.

70. Оқулықтар мен ОӘК сапасының мониторингі көрсетілетін қызметті берушінің ғылыми кеңесі бекіткен әдістеме негізінде педагогтер мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

71. Талдау анықтамасы түріндегі мониторинг нәтижелері білім беру саласындағы уәкілетті органның қарауына ұсынылады. Мониторинг қорытындылары оқулықтар мен ОӘК әзірлеу, қайта басып шығару немесе білім беру ұйымдары талап етпеген оқулықтар мен ОӘК тізбесінен алып тастау туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

